

**Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына арналған
«Туған өлкемнің атауының тарихы» республикалық қашықтықтан өтетін
зерттеу жобалары байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1.Жалпы ережелер

Бұл ереже байқаудың мәртебесін, мақсаттары мен міндеттерін, өткізу мерзімдері мен тәртібін, байқауға қатысу шарттарын, оны қорытындылау мен марапаттауды реттейді.

2.Байқауды ұйымдастырушылар

Байқау Қазақстандағы «Болашақ үшін оқыту» Intel® Бағдарламасымен Білім және ғылым министрлігімен бірлесе отырып өткізіледі.

3.Байқаудың мақсаттары

XXI ғасырдың ақпараттық және коммуникациялық технологияларын қолдану арқылы жобалау қызметін ұйымдастыру саласындағы педагогтардың озық тәжірибелерін кеңінен насихаттау және өскелең ұрпақ бойында туған өлкесіне деген патриоттық сезімін тәрбиелеу.

4.Байқау міндеттері

• Intel® «XXI ғасырдың ақпараттық білім кеңістігіндегі жобалау қызметі» негізгі курсының (V10); Элементтер: «Жобалар әдістемесі» сериясының курсы әдістемесі бойынша оқу алаңдарында жинақталған оқу-зерттеу жобаларын әзірлеу мен ұйымдастырудағы педагогикалық тәжірибені анықтау және насихаттау.

• білім беру ұйымдарының тәжірибесіне оқу-зерттеу жобаларының үздік үлгілерін енгізу және «Болашақ үшін оқыту» Intel® Бағдарламасының «iteach.kz» (пәндер бойынша оқу жобаларының каталогы) сайты мазмұн жағынан толтыру арқылы үздік тәжірибені тарату.

• шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдерді, студенттер мен оқушыларды марапаттау, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, туған өлкесін білуге оң көзқарасын қалыптастыру.

• IT-технологиялар саласында педагогикалық жоғары оқу орындары мен колледж мұғалімдерінің, студенттердің кәсіби деңгейін арттыруға жәрдемдесу.

5 .Байқауды өткізу мерзімдері

Байқау **2015 жылғы 1 сәуір мен 30 мамыр** аралығында өткізіледі.

6.Байқауға қатысушылар

Байқауға Intel® «XXI ғасырдың ақпараттық білім кеңістігіндегі жобалық қызмет» негізгі курсы (V 10) бойынша курстан өткен Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының басшылығымен (оқушылар мен студенттер қатыса алады)

7.Байқаудың мазмұны

Жобалар қатысушының өзі тұратын Қазақстан аймағы атауларының тарихының зерттеулері болуы керек. Байқауға ұсынылған барлық зерттеулер жоғары оқу орнының/ колледждің немесе мектептің оқытушыларының басшылығымен оқушылардың орындаған өзіндік (жеке немесе ұжымдық) жұмысы болуы тиіс.

8. Байқауды өткізу және өтінім беру мерзімі мен шарттары

Байқауға қатысушылар:

- -байқауға қатысу жайлы өтінімін мына сайтқа iteach.kz өтінімді толтыру сілтемесі бойынша <http://iteach.kz/konkurs-2015.html> жолдауы керек.

«Туған өлкемнің атауының тарихы» деген шартты атауы бар оқу-зерттеу жобасын жасау **Вики-статия түрінде рәсімдеу.** **Шаблон:Wiki-байқау қатысушыларының мақалалары** - шаблонды пайдалану үшін мына команданы қолданыңыз {{subst:Wiki-статия участников конкурса}}

-Жобаның портфолиосын wiki.iteach.kz сайтына орналастыру Басты бет (республикалық қашықтықтан өтетін зерттеу жобалары байқауы)

-2015 жылдың 10 мамырына дейін өз жобасы портфолиосының сілтемесін жолдау (мына электронды поштаға: [:imzharova.z@gmail.com](mailto:imzharova.z@gmail.com)).

Назарларыңызға!!! Барлық байқау жұмыстары [[Санаты: Байқау 2015 " Туған өлкемнің атауының тарихы "]] жолынан тұру керек.

2015 жылдың 30 мамырында <http://iteach.kz/> сайтында «Туған өлкемнің атауының тарихы» атты республикалық қашықтықтан өткізілетін байқаудың нәтижелері қатысушының (топтың) аты-жөнімен, жоба атауымен, жоба портфолиосындағы сілтеме және жинаған балл санымен көрсетіліп, жария етіледі.

9.Байқау материалдарын рәсімдеуге талаптар

Байқау материалдары мынадан тұрады:

9.1. Байқауға қатысуға өтінім ([:imzharova.z@gmail.com](mailto:imzharova.z@gmail.com)) электронды поштасына жолданады және <http://iteach.kz/> сайтында толтырылады)

Өтінімді беру үлгісі:

Педагог пен оқушының аты, әкесінің аты, тегі (толық)	
Жұмыс орны (облыс, қала/аудан, мектеп/колледж, жоғары оқу орны)	
Intel® «XXI ғасырдың ақпараттық білім кеңістігіндегі жобалық қызмет» курсынан (V 10) немесе Элементтер: «Жобалар әдістемесі» сериясының курсынан өткен орны	
Жоба атауы	
Жұмыс телефоны _____ үй _____ ұялы _____	
Электронды пошта Күні _____	
Қолы:	
Келісілді:	
Білім беру ұйымының басшысы: _____ /Аты-жөні/	
Күні _____	

- 9.2 wiki.iteach.kz сайтында орналастырылған жоба портфолиосы Басты бет (республикалық қашықтықтан өтетін зерттеу жобалары байқауы).

- 9.3 Жоба портфолиосына сілтеме (мына электронды поштаға: imzharova.z@gmail.com 2015 жылдың 10 мамырына дейін жіберіледі)
Байқау материалдары қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

10.Бағалау критерийлері (Қосымша 1)

- Жобаның байқау шарттарына сәйкес келуі
- Алынған тақырыпқа сәйкес келуі
- Жоба идеясының бірегейлігі мен түп нұсқалылығы
- Авторлық баяндау
- Ғылымилығы
- Ақпараттың толықтығы мен мазмұндылығы
- Баяндау стилінің түсініктілігі мен сауаттылығы

11. Байқаудың алқасы мен ұйымдастыру комитеті

Ұйымдастыру комитеті (2 қосымша) байқаудың тұжырымдамасын, оның тәртібін анықтайды, Ережені, алқаның құрамын, ағымдағы құжаттарды, сондай-ақ байқауды өткізу мерзімін, мазмұнын және бағалау критерийлерін бекітеді.

Байқау алқасы (3 қосымша) жұмыстардың сараптамасы мен бағалауын өткізеді. Жұмыстарды бағалау үшін Бағдарламаның эксперттері қатарынан алқа шақырылады. Бағалау кезінде 1 қосымшада келтірілген жұмыстарды бағалау критерийлері қолданылады.

12 Авторлық құқықтардың сақталуы

Байқауға материалдар ұсыну автордың оны Интернет желісіне орналастыруға келісімін білдіреді. Байқау ұйымдастырушылары байқау материалдарына редакторлық түзетулер енгізу құқығына ие. Байқауға қатысушылар байқау шеңберінде жасалған жұмыстар бойынша авторлық құқыққа ие. Байқау ұйымдастырушылары байқау аяқталғаннан кейін оларды 21 ғасырдың ақпараттық-білім технологияларын оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдаланудың инновациялық педагогикалық тәжірибесінің деректер қорын құру және Intel® «Болашақ үшін оқыту» Бағдарламасын іске асыру және пайдалану құқығын өздерінде қалдырады.

13. Жеңімпаздарды марапаттау тәртібі

13.1. Байқау жеңімпаздары эксперттік комиссиямен жоғарыда көрсетілген критерийлер мен талаптар негізінде анықталады (1 қосымшадағы 8-тармақ).

13.2. Жеңімпаздар (1, 2, 3 орын) дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Сонымен бірге алқа жұмысының нәтижелері бойынша келесі атаулар (номинациялар) бойынша республикалық байқаудың жеңімпаздары анықталады:

- Автордың зерттеу саласындағы терең білімі үшін
- Зерттеудің өзектілігі үшін
- Баяндаудың түп нұсқалылығы үшін
- Авторлық ұстанымы үшін
- Зерттеу жұмысының әр түрлілігі үшін

Байқаудың барлық қатысушыларына олардың «Болашақ үшін оқыту» Intel® Бағдарламасы байқауына қатысқанын растайтын сертификаттар беріледі.

Таңдаулы жұмыстар <http://iteach.kz/> сайтының «Қолдау» бөлімінде орналастырылады.

Үйлестірушілермен байланыс:

Имжарова Зауреш Убайдулловна,

тел.: 87016283398 e-mail: imzharova.z@gmail.com

Айтенова Шолпан Абдрахмановна

тел.: +7 701 503 62616

**Критерийлер мен оларға қол жеткізу дәрежелері бойынша түсініктемелер
жазылған жобаны бағалау парағы**

Қатысушының (топтың): аты, әкесінің аты, тегі					
Білім беру мекемесі					
Тақырып:					
Жобаның атауы:					
Эксперттің аты, әкесінің аты, тегі, қызметі:					
жобаны бағалау күні:					
Баллдардың жалпы саны:					
	«3» (өте жақсы)	«2» (жақсы)	«1» (наша р)	«0» (критерий анықталмайды)	
Жобаны бағалау критерийлері					
• Жобаның байқау шарттарымен сәйкестігі					
• Алынған тақырыпқа сәйкестігі					
• Жоба идеясының бірегейлігі мен түп нұсқалылығы					
• Авторлық баяндау					
• Ғылымилығы					
• Ақпараттың толықтығы мен мазмұндылығы					
• Баяндау стилінің түсініктілігі мен сауаттылығы					
<i>Ерекше пікір:</i>					

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ ҚҰРАМЫ

АЙТЕНОВА Ш.А. - Қазақстан Республикасындағы Intel® «Болашаққа үшін оқыту»
Бағдарламасының менеджері

ИМЖАРОВА З.У.- байқау үйлестірушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Педагогикалық білімнің
инновациялық орталығының директоры, Қазақстан Республикасындағы Intel®
«Болашаққа үшін оқыту» Бағдарламасының expertі

Байқау алқасының мүшелері

АБИЛКАРИМОВА Б. К. – ҚР БҒМ Мектепке дейінгі және орта білім беру департаментінің Ақпараттық технологиялар, статистика және талдау басқармасының expertі

НАНАЕВА Т.– ТМД елдеріндегі Intel® білім бағдарламаларының директоры

ИМЖАРОВА З. У. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Педагогикалық білімнің инновациялық орталығының директоры

МУХОРТОВА О.В. – Қостанай қ. №2 мектеп-лицейі директорының орынбасары, Қазақстан Республикасындағы Intel® «Болашаққа үшін оқыту» Бағдарламасының expertі

ЗАКАРЬЯНОВА А.Б. – байқау үйлестіруші, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының мүше-корреспонденті, Қазақстан Республикасындағы Intel® «Болашақ үшін оқыту» Бағдарламасының expertі

ТЕН. А. С.– «Өрлеу» БАҰО АҚ бас оқытушы-тьюторы, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының мүше-корреспонденті, Қазақстан Республикасындағы Intel® «Болашаққа үшін оқыту» Бағдарламасының expertі

ТОГАЙБАЕВА А.К. – старший преподаватель Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасындағы Intel® «Болашақ үшін оқыту» Бағдарламасының аға тьюторы